

«Келісемін»  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары А.М. А.Баймұратова  
«29» тамыз 2023 жыл

«Бекітемін»  
№4 Мәртөк жалпы орта білім  
беретін мектебінің директоры  
С.А. Абдуллина  
«29» тамыз 2023 жыл



**Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша**  
**2023-2024 оқу жылғына арналған 3 «Ә» класының**  
**ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Мәртөк-2023ж.

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскеген жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешетіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі бағалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуга болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңыратында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жанғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - айтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалды. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, сапауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАН.**

**Ұлттық мүдде құндылығы индикаторлары:**

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қабылдайды
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мұрасты, мәдениетті дәріптейді

**Ар-ұят құндылығы:**

- Адал еңбесті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әлеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптасарын сыйлайды;
- Кімге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

**Талап құндылығы:**

- Білуге, жананы тануға құштар болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

**Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:**

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Бағалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарлығы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

**Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары**  
1-тоқсан

**Қыркүйек -Білім айы**

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Мектеп–мейірім мекені»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	01.09.2023ж
2	«Сәлем, жана оқу жылы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08.09.2023ж
3	<i>Отбасы құндылығы сағқылмас қазына.</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.09.2023ж
4	Бес нәрсеге асық бол	Пікірталас	Сынып жетекші	22.09.2023ж
5	Қарттарым-асыл қазынам!	Сынып сағаты	Сынып жетекші	29.09.2023ж

**ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы**

1	<i>Ұстазым ұлы тұлға</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	06.10.2023ж
2	«Ұлы дала перзентімін»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	13.10.2023ж
3	<i>Менің республикам Қазақстан</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	20.10.2023ж
4	<i>Денсаулық- зор байлық</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	27.10.2023ж

**2-тоқсан**

**ҚАРАША – Поэзия айы**

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	« <i>Экология өмірдің соғып тұрған жүрегі</i> »	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10.11.2023ж
2	«Әдептілік тәрбие бастауы»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші	17.11.2023ж
3	« <i>Оқушы мәдениеті дегеніміз не?</i> »	Сынып сағаты	Сынып жетекші	24.11.2023ж
<b>Желтоқсан «Қазақстан - Ұлы дала елі»айы</b>				
1	<i>Рәміздер-Ел нышаны</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	01.12.2023ж
2	Бес асыл іс	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші, кітапханашы	08.12.2023ж
3	<i>Елімнің ермені -Тәуелсіздік</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.12.2023ж
4	«Жасыл шырша жанында»	Концерт	Сынып жетекші	22.12.2023ж

3-тоқсан

**ҚАҢТАР – ҰЛТТЫҚ КОД айы**

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08.01.2024ж
2	«Жақсыдан үйрен жаманнан жирен»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	15.01.2024ж
3	«Абайлаңыз, балақай»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	22.01.2024ж
4	«Өнерлі бала сүйкімді»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	29.01.2024ж

**АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ**

1	«Қазақтың ұлттық тағамдары»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	05.02.2024ж
2	«Бақытты отбасы зорлық зомбылықсыз әлем»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	12.02.2024ж
3	«Алғыс айту-парызым»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	19.02.2024ж
4	«Саналы ұрпақ-жарқын болашық»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	26.02.2024ж
<b>НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы</b>				
1	Ана- өмірдің гүлі	Сайыс сабақ	Сынып жетекші	04.03.2024ж
2	«Сыпайы сөйлеу сыйласу»	Сынып сағаты	Сынып жетекші, мектеп медбикесі	11.03.2024ж
3	Наурыз- жыл басы	Концерт	Сынып жетекші	18.03.2024ж

4-тоқсан

**СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**

<b>№</b>	<b>Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара такырыптары</b>	<b>Аяқтау нысаны</b>	<b>Жауаптылар</b>	<b>Орындау мерзімі</b>
1	«Дені саудың жаны сау»	Танымдық сабақ	Сынып жетекші	08.04.2024ж
2	«Табиғатты қорғау біздің міндетіміз»	Танымдық сабақ	Сынып жетекші, кітапханашы	15.04.2024ж
3	«Әжешім-асқар тауым!»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	22.04.2024ж
4	«Қазақстан татулық мекені»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	29.04.2024ж
	<b>МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ Айы</b>			
1	7,9 мамыр - «Жеңіс деген шат күлкісі баланын»	Концерт	Сынып жетекші	06.05.2024ж
2	«Буллинг және оған қарсы тұру»	Сынып сағаты	Сынып жетекші, психолог.	13.05.2024ж
3	«Өнерлінің өрісі кен»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	20.05.2024ж